

2008-2016 жылдарға арналған "Салауатты өмір салты" бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1260 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 380 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 380 Қаулысымен.

"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығын іске асыру және Қазақстан Республикасы халқының арасында салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жандандыру және жетілдіру үшін бірыңғай жүйені құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2008-2016 жылдарға арналған "Салауатты өмір салты" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар мен Бағдарламаның іске асырылуына жауапты мүдделі ұйымдар:

- 1) Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралар қабылдасын;
- 2) жыл сайын 10 қаңтарға және 10 шілдеге, жарты жылдықтың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жыл сайын 25 қаңтарға мен 25 шілдеге жарты жылдықтың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007

жылғы

21

желтоқсандағы

2008-2016 жылдарға арналған "Салауатты өмір салты" бағдарламасы

Астана, 2007 жыл

Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері
5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетіктері
6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері
7. К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р
8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы 2008-2016 жылдарға арналған "Салауатты өмір салты" бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздемесі "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығының 137-тармағы, "Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысының 118-тармағы,

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
К.Мәсімовтың 2007 жылғы 2 маусымдағы N
20-18/003-612 2-т. тапсырмасы

Өзірлеуші Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Мақсаты Халықты сауықтыру және орташа өмір сүру ұзақтығын ұлғайту

Міндеттері Халықтың денсаулығын нығайтуға, денсаулығының әлеуетін дамытуға, іске асыру және дамыту үшін халықтың салауатты өмір салтына, денсаулық мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу

Іске асыру мерзімдері 2008-2016 жылдар:
Бірінші кезең: 2008 - 2010 жылдар
Екінші кезең: 2011 - 2013 жылдар
Үшінші кезең: 2014-2016 жылдар

Қажетті 2008-2010 жылдары бағдарламаны іске асыруға ресурстар мен республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржыландыру қаражаттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қаражат бағыттталатын болады. 2008-2010 жылдарға арналған Бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттің жалпы шығындары 4628852,1 мың теңгені, оның ішінде республикалық бюджеттен 2438130,1 мың теңгені, жергілікті бюджеттерден 2190722,0 мың теңгені құрайды.

Өңірлердің денсаулық сақтау бюджетін 2009 жылы 1%, 2014 жылы 2% және 2016 жылы 3% жеткізе отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша іс-шараларды қаржыландыру көлемін кезең-кезеңмен ұлғайту көзделуде.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржылық жылдарға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде

нақтыланады.

		Республикалық бюджет (мың теңге), оның ішінде	
--	--	---	--

Жылдар (мың теңге)	Барлығы (мың теңге)	республикалық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттер	Жергілікті бюджет (мың теңге)
2008ж.	751959,0	67663,0	684296,0
2009ж.	1954739,6	1210452,6	744287,0
2010ж.	1922153,5	1160014,5	762139,0

Күтілетін
нәтижелер

Бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде мыналарға қол жеткізілетін болады: орташа өмір сүру ұзақтығының деңгейін 71,3 жасқа дейін арттыру; халық арасында темекі шегу қолдануды 16,8% -ға дейін қысқарту; қауіпті мөлшерлерде алкогольді тұтынуды 12,5% қысқарту; көкөніс пен жемістерді қолдануды 24,6% ұлғайту; дене шынықтыру белсенділігінің қолданылуын 26,6% ұлғайту; артық дене салмағының таралуын 29,3% төмендету; сәбилерді 6 айға дейін тек емшек сүтімен қамтуды 73% ұлғайту; бала туу жасындағы әйелдердің арасында жасанды түсік санын азайту, 1000 әйелге 20,7-ге дейін; елеулі әлеуметтік мәні бар аурулар мен жарақаттанудан болатын өлім-жітім жағдайларының 100 мыңға дейін төмендету, оның ішінде: жүрек-қан тамырларының ауруын - 428,4 жағдайға дейін; жарақат алу - 125,7 дейін; онкологиялық аурулар - 110,3; туберкулез ауруын 100 мың адамға - 97,6 дейін төмендету

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.02.18 N 186 Қаулысымен.

2. Кіріспе

2008-2016 жылдарға арналған "Салауатты өмір салты" бағдарламасы "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығын, "Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысының және Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімовтың 2007 жылғы 2 маусымдағы N 20-18/003-612 2-т. тапсырмасын іске асыру үшін әзірленді.

Қазақстан қол жеткізген экономикалық өсу мен саяси тұрақтылық бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруді және орнықты дамуға қол жеткізуді қамтамасыз ететін терең әлеуметтік-экономикалық реформалар өткізуге мүмкіндік береді.

Елдің орнықты дамуы саласындағы міндеттердің бірі ұлттың сауығуын қамтамасыз ететін тетіктерді енгізу және жетілдіру арқылы халықтың орташа өмір сүру ұзақтығын ұлғайту болып табылады.

Қазіргі жағдайда, клиникалық медицинаны одан әрі қарай дамыту денсаулық сақтау жүйесінің алдын алу бағытына қарай түбегейлі өзгертпей, денсаулықтың негізгі көрсеткіштерін жақсартуды қамтамасыз ете алмайды. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының (ДДҰ) деректері бойынша, адамның денсаулығы денсаулық сақтау жүйесінен барлығы 10% ғана тәуелді, және 50% - адамды қоршаған ортаның әсеріне, таңдау құқығына, өмір сапасына және денсаулықты нығайту мүмкіндіктеріне қол жеткізуден қалыптасатын өмір салтына тәуелді.

Осыған байланысты салауатты өмір салтының пайдасына қоғамдық пікір мен белсенділікті қалыптастыру өзекті болып табылады. Оның негізгі құралдарының бірі дәлелдеу медицинасы негізінде Салауатты өмір салтын қалыптастырудың (бұдан әрі - СӨСҚ) әлемдік жаңа технологияларын, тәсілдерін және әдістерін пайдалана отырып, адамның денсаулық әлеуетін сақтауды және дамытуды белгілейтін факторларды (табиғи, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, мәдени) күшейту жөніндегі сектораралық кешенді өзара іс-қимыл болып табылады.

Қазақстан Республикасында СӨСҚ-дің тиімді жүйесін құру ұлттың сауығуына және Қазақстанның орнықты дамуға көшуіне түбегейлі әсер етуі тиіс.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Соңғы жылдары Мемлекет басшысының күш-жігері мен пәрменді іс-қимылдары арқасында Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың тұрақтанғандығы және едәуір жақсарғандығы байқалады.

Алайда, республика халқының денсаулық жағдайы мен орташа өмір сүру ұзақтығы дамыған елдердің көрсеткіштерінен (2006 жылы - 66,1 жас) айтарлықтай артта қалған. Мысалы, Жапонияда бұл көрсеткіш қазақстандық көрсеткіштен 14 жылға жоғары. Мұндай жағдай Қазақстанда 1964 жылы 5,7%-дан 1989 жылы 7,6%-ға дейін және 1995 жылы 10,2%-дан 2005 жылы 10,4%-ға, 2006 жылы 10,27% халықтың жалпы өлімінің үзіліссіз өсуі салдарынан болды.

Қазіргі үрдіс сақталған жағдайда 2006-2010 жылдары жалпы өлім деңгейінің болжамы қалалық жердегі ерлердің (1000 адамға шаққанда 14,23-тен 14,93-ке дейін) және әйелдер өлімі көрсеткіштерінің (9,22-ден 9,42-ге дейін) сондай-ақ ауылдағы ерлердің (9,73-тен 10,04-ке дейін) одан әрі өсу мүмкіндігі барын көрсетеді және ауыл әйелдерінің арасында ғана бұл көрсеткіштің тұрақтылығы (тиісінше 7,53 және 7,52) байқалады.

Қазақстандықтардың салауатты өмір сүру жылдарында көп шығынға ұшырауы мерзімінен бұрын қайтыс болу және мүгедек болу салдарынан екендігі анықталды. 2005 жылы халықтың 1000 адамға шаққанда 231,1 DALY бірлігі шығынға ұшырады, бұл ретте толық өмір сүрмеу себептерінен 197,4 бірлік, ал мүгедектік салдарынан 33,7 бірлік шығынға ұшырады. Бұл дүниежүзінің дамыған елдерімен салыстырғанда анағұрлым жоғары (100 бірлік). Айтарлықтай шығынға ұшырау қала тұрғындарының (61,6%) және ерлердің (тиісінше 58,4%) үлесіне тиіп отыр.

Өлімнің (86%) және аурулардың (77%) ең көп үлесі жүрек-қан тамыры аурулары, қатерлі ісіктер, созылмалы респираторлық аурулар, қант диабеті секілді әлеуметтік елеулі аурулар тобымен түсіндіріледі. Осы аурулардың негізінде темекі шегу, алкогольді тұтыну сияқты мінез-құлықтық қауіп-қатер факторлары және басқалар жатыр.

Өткізілген социологиялық зерттеулер мен скринингтік тексерулер Қазақстандағы 12 жастан асқан халық арасында темекі шегудің таралуы 22,8%, қауіпті дозада алкогольді тұтыну - 18,1%, дененің артық салмағы - 36,9, оның ішінде семіру - 7,7%, жемістер мен көкөністерді жеткілікті тұтыну 12,3%, дене шынықтырудың төмен белсенділігі - 13,3% құрайтынын көрсетті.

Дамыған елдер тәжірибесі бойынша СӨСҚ процесін орнықтыру үшін елде алкоголь мен темекі өнімдеріне 1% салық салу жолымен ұлтты салауаттандырудың арнайы Қорын қалыптастыру ұсынылды. Алкогольді шамадан тыс тұтыну мен темекі шегуді шектеуге бағытталған мемлекеттік және

қоғамдық саясаттың ең үлгілі болып табылатын тәжірибесі - Тайланд тәжірибесі. Темекі және алкоголь өндіруші индустриядан түсетін 2% салық түсімдері (өзіндік салық) темекі шегетіндер мен алкогольді тұтынушыларға қарсы күрес жөніндегі бюджеттік алдын алу бағдарламаларын қаржыландыратын Тайланд халқының денсаулығын сақтау жөніндегі Ұлттық Қорында шоғырландырылады. Қор қызметінің нәтижесінде темекі шегетіндер мен алкогольді тұтынушылардың саны қысқарған, сондай-ақ емдеуге арналған бюджеттік шығыстарды айтарлықтай үнемдеу байқалады.

Дүниежүзілік практика денсаулыққа көмек көрсету қорлар темекіні бақылаудың тиімді құралы болып табылатындығын және дамыған елдерде де, дамушы елдерде де кеңінен пайдалануға болатындығын көрсетеді.

Қауіп-қатер факторларының көп таралуы созылмалы жұқпалы емес аурулармен (бұдан әрі - СЖА) сырқаттанушылықтың жоғары деңгейін қалыптастырды. Дәл осы аурулар, сондай-ақ жарақаттанулар, бақытсыздық жағдайлары мен уланулар Қазақстан халқы сырқаттанушылығының және өлім-жітімі құрылымының негізі болып табылады. Қазақстанның ересек халқының қан айналым жүйесі ауруларымен жалпы сырқаттанушылық деңгейі 2006 жылы 100 000 адамға шаққанда 9178,0 жарақаттанулар мен уланулар - 3813,4 және қатерлі ісіктер - 1687,9 жағдайды құрады. Қан айналым жүйесінің аурулары салдарынан болатын өлім-жітім жағдайлары тиісінше 100 000 адамға шаққанда 533,1, жарақаттану мен уланулардан - 150,2 және қатерлі ісіктерден - 118,6 жағдайды құрады.

Қазақстанда 1975-2006 жылдар ішінде жүрек-қан тамыры ауруларынан болатын өлімнің 100 000 адамға шаққанда 255,4-тен 533,1-ге дейін өсуі байқалды. Бұл ретте Еуропа өңірлері елдерінде осы кезеңде қан айналым жүйесінің дерттерінен болатын өлім 1,5 есеге төмендеді, мысалы Финляндияда 15-59 жастағы ерлер арасында 100 000 адамға шаққанда 65 жағдайды құрады. Жарақаттанулар мен уланулардан болатын өлім жағдайлары Орталық Азия елдеріне қарағанда 1,5-1,8 есеге, Еуроодақ елдеріне қарағанда 3 есеге артық. Қатерлі ісік салдарынан болатын өлім-жітімдер Орталық Азия өңіріндегі елдерге қарағанда 1,5 - 2,5 есеге жоғары. Бұл ретте сырқаттардың 3/4-нде онкологиялық процестің I-III сатылары диагностикаланады, қалғандары аурудық диссеминирленген түрлерімен түседі.

Денсаулық сақтау бюджетінің 70-80% созылмалы ауруларды емдеуге жұмсалатыны және дерттердің созылмалы түрлерінен зардап шегетін емделушілер медицина қызметінің қарқынды тұтынушылары болып табылатындығы анықталды. Ерте жастағы өлім-жітім, созылмалы аурулармен ауру немесе мүгедектік отбасы мен қоғам үшін ауыр экономикалық салдарға әкеліп соғады. Жұмыс берушілер мен қоғам жұмыс күндерін жоғалтуға, еңбек

өнімділігінің төмендеуіне және кадрлардың тұрақтамауына байланысты шығын шегеді. Отбасы мен қоғам денсаулық сақтауға арналған шығындардың (тікелей және жанама) ауыртпалығын, табыстардың қысқаруын, зейнетке ерте шығудан және әлеуметтік қамтамасыз ету мен әлеуметтік жәрдем ақыға тәуелділіктен зардап шегеді. Осылайша, Ресей Федерациясында 2005 жылы жүрек ауруларына, инсультке және диабетке байланысты ұлттық табысы 11 млрд. халықаралық долларды құрады, ал 2005 - 2015 жылдарда ел 300 млрд. халықаралық долларды жоғалтты. Осыған ұқсас жағдай Қазақстанда да болуы ықтимал.

Сарапшылардың есептеулеріне сәйкес қан айналым жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім жағдайларын толық жою ерлердің өмір сүру ұзақтығын 13,28 жасқа (13,05 - қала және 13,48 - ауыл) және әйелдердің өмір сүру ұзақтығын 18,21 жасқа (19,3 - қала және 17 - ауыл) өсіруге мүмкіндік берер еді. Бақытсыз жағдайлардан, уланулар мен жарақаттанулардан болатын өлім-жітімді жою тиімділігі халықтың еркек тұрғындары өмір сүру ұзақтығын 4,23 жылға (4,58 - қала және 3,66 - ауыл), ал әйелдердің өмір сүру ұзақтығын 1,43 (1,55 - қала, 1,21 - ауыл), ал қатерлі ісіктерді болдырмау - тиісінше 1,6 және 1,9 жылға ұзартуға қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Артериялық гипертензияны дер кезінде анықтау және сапалы емдеу инсульт алу қауіпін 30-40% төмендетуге әкелетінін халықаралық тәжірибе көрсетеді. АҚШ-та 1972 - 1994 жылдар аралығында өткізілген кең ауқымды алдын алу шаралары кезінде жүрек - қан тамыры ауруларынан болатын өлім-жітімді 2 есеге , инфарктен - 2,5 есеге төмендетуге қол жеткізілді. Тек холестериннің орташа деңгейін, темекі шегудің таралуын және жоғары қан қысымын төмендету есебінен Финляндияда 1972 -1992 жылдарда ишемиялық жүрек ауруларынан болатын өлім-жітім жағдайлары 80% төмендетеді. Ирландияда 1985 - 2000 жылдар аралығында жүрек-қан тамыры ауруларынан болатын өлім-жітімді 48,1% төмендетуге қол жеткізілді. Алдын алу бағдарламалары бұрынғы КСРО-да жүрек-қан тамыры ауруларынан болатын өлім-жітімді 41% төмендетуге м ү м к і н д і к б е р д і .

Осыған байланысты Қазақстанның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі созылмалы патологиялар мен мерзімінен бұрын болатын өлім-жітім ауыртпалығын қысқарту қажеттігі болып табылады.

Сырқаттанушылық ауыртпалығын, мерзімінен бұрын болатын өлім ауыртпалығын төмендетуге және денсаулықты нығайтуға әлемдік қауымдастықтың жоғары мүдделігін ескере келе, соңғы жылдары ДДҰ бірнеше стратегиялық құжаттар қабылдады, бұларға Қазақстан да қосылды: алкоголь бойынша Еуропалық іс-қимыл жоспары (2000), ДДҰ-ның темекіге қарсы күрес жөніндегі негіздемелік тұжырымдамасы (2003), Балалардың өмір сүру жағдайлары мен денсаулығын жақсарту жөніндегі Хельсинки Декларациясы

және іс-қимыл жоспары (2004), Тамақтану, дене шынықтыру белсенділігі және денсаулық саласындағы ғаламдық стратегия (2004), Ғаламдық жағдайда денсаулықты нығайту жөніндегі Бангкок декларациясы (2005), Жұқпалы емес аурулардың алдын алу мен оларға қарсы күрестің Еуропалық стратегиясы (2006), Семіздікпен күрес жөніндегі Еуропалық Хартия (2006).

Бұл құжаттар елдерге халықтың денсаулығын сақтау мен нығайту жөніндегі тиімді кешенді бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға мынадай мақсатта белсенді ықпал етуді ұсынады:

1) әрбір жеке тұлғаның толық денсаулық әлеуетін оған қатысты экономиканың барлық секторларын қамти отырып, қауіп-қатер факторларының денсаулыққа әсерін төмендету жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге үкіметтің жауапкершілігі;

2) салауатты өмір салтының пайдасына шешімдер қабылдау үшін жағдайлар жасау;

3) денсаулық және тұрақты дамуға капитал салу ретіндегі өмір бойғы білім мен алдын алу;

4) денсаулықты сақтау мен нығайтудағы мүмкіндіктерді арттыру үшін халықтың қажеттіліктеріне жауап беретін денсаулық сақтау жүйесін және тиісті инфрақұрылым жасау.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының СӨСҚ қызметі ұйымдарының қызметін және ведомствоаралық деңгейде халықтың денсаулығын сақтау мен нығайту үшін салауатты өмір салтын насихаттау және аурулар мен әлеуметтік елеулі аурулардың қауіп-қатер факторларының алдын алу жөніндегі іс-шараларды өткізуді қамтамасыз ететін белгіленген заңнамалық база әзірленді. Алайда СӨСҚ-ға, аурулардың факторлық алдын алуға және азаматтардың денсаулығын сақтауға қазіргі уақыттағы көзқарастар қолданыстағы заңнамалық негізді халық денсаулығының қазіргі уақыттағы жай-күйі мен халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, одан әрі жетілдіруді және жаңасын әзірлеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы" Жолдауы (2006) және Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы N 216 Жарлығымен мақұлданған Қазақстанның 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға өту тұжырымдамасы ұлтты сауықтыруда СӨСҚ процесін түбегейлі жақсарту міндетін қойды.

Қазіргі таңда Қазақстанның өзіне әлемнің озық тәжірибесін сіңірген салауатты өмір салтын қалыптастырудың ұлттық саясаты бар. Ұлттық, облыстық, қалалық және аудандық деңгейлерде ұсынылған СӨСҚ қызметі құрылды. Өкінішке орай, бүгінгі таңда тек Жамбыл облысында ғана қызмет барлық

деңгейлерде жолға қойылған. Кадрлармен қамтамасыз етілу проблемалары бар. СӨСҚ өңірлік орталықтарының деңгейінде дәрігерлермен және орта медицина қызметкерлерімен орташа қамтамасыз етілу 78% құрайды, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау облыстарында - кемінде 50%.

СӨСҚ Орталықтарын өңірлік бюджеттерден қаржыландыру орындалған жұмыстардың көлемін, халықтың санын, сырқаттанушылықты және СӨСҚ қызметі ұйымдарының "Салауатты өмір салты" бағдарламасын іске асыру үшін есепке алмай жүзеге асырылады. Міндеттердің бірдей көлемі жағдайында жан басына шаққанда СӨСҚ қызметін қаржыландыру өңірлер бойынша Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарындағы 6 теңгеден, Маңғыстау облысындағы 51 теңгеге дейін айтарлықтай айырмашылығы бар.

2006 жылы СӨСҚ бойынша іс-шараларды қаржыландыру республика бойынша денсаулық сақтауға жұмсалатын жалпы шығындардың тек 0,15% ғана құрады. Сонымен қатар, СӨСҚ саясатында денсаулық сақтауға жұмсалатын жалпы шығындардың кемінде 3% бөлген жағдайда қандай да бір табыстарға қол жеткізуге болатынын халықаралық тәжірибе көрсетті.

Осыған байланысты, денсаулықты нығайтуда нәтижелікке қол жеткізу үшін денсаулық сақтау бюджетін қаржыландыру бағдарламасын 2009 жылы 1%-дан болашақтағы 3%-ға дейін кезең-кезеңмен өсіру арқылы СӨСҚ процесін тұрақтандыруды қамтамасыз ету қажет.

СӨСҚ процесін күшейту тәсілдерінің бірі оның үздіксіздігін қамтамасыз ету, "білім және денсаулықты бүкіл өмір бойына нығайту" қағидатын енгізуге қол жеткізу болып табылады, мұнда сондай-ақ өзінің түбегейлі шешімін талап ететін белгілі бір қиындықтары болады.

Мысалы, салауатты өмір салты дағдыларын оқушыларға үйрету және дағдыландыру үшін 1998 жылдан бастап білім жүйесі ұйымдарының барлық деңгейлерінде "Валеология - Қалай сау болу керек" пәні факультативтік сабақ ретінде енгізіледі, бірақ 2006 жылы "Валеология" пәні енгізілген мектептердің саны 72% дейін төмендеді, ал оқытудың келесі деңгейлерінде - 10% төмендеді.

Ақпараттандыруды арттыру мен салауатты өмір салтын қалыптастырудың үздіксіздігін қамтамасыз етуде бұқаралық ақпарат құралдары үлкен роль атқарады. Бағдарламалар санының өсу аясында арнайы хабарлар, роликтер Салауатты өмір салтын насихаттауға және денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мемлекеттік тапсырыстың шеңберіндегі немесе әлеуметтік жауапты бизнес шеңберінде бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі - БАҚ) бөлінген ресурстар өте аз.

СӨСҚ-дың тиімді жүйесін құрудағы негізгі компоненттердің бірі оның тұрақтылығы және үздіксіздігімен қатар, кешенділігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл денсаулыққа әсер ететін қауіп-қатер факторларын төмендету

бойынша оған қатысты барлық секторларды тарта отырып, мемлекеттік саясатты жасау үшін халықтың белсенді қатысуымен әрбір жеке тұлғаның денсаулығының толық потенциалын игеруде, салауатты өмір салты пайдасына шешімдер қабылдау үшін қолайлы жағдайлар құруға үкіметтік органдардың жауапкершілігін арттыру.

Өңірлік деңгейдегі ведомствоаралық жұмысты Әкімдер жанындағы денсаулықты қорғау жөніндегі үйлестіруші кеңестің құрамындағы жұмыс тобы үйлестіреді. Сонымен қатар, жұмыс топтары аса белсенділік танытпайды, тек Жамбыл және Павлодар облыстарында СӨСҚ өңірлік қызметін жетілдіру және ведомствоаралық жұмысты күшейту бағдарламасы қабылданды.

СӨСҚ қызметінің қалыптасу кезеңінде салааралық өзара іс-қимыл тиімді болды, алайда кейіннен дербес орталық уәкілетті органдардың құрылуына және бөлінуіне байланысты, кешенді сектораралық бағдарлама салалық болды, ұлттық деңгейде үйлестіруші тетік болмады.

СӨСҚ жүйесінің кешенді, үздіксіз тәсілін күшейтуге шоғырландыру, орнықтылықты қамтамасыз етуде - мінез-құлықтық қауіп-қатер факторларын бақылауды күшейту, ауруларды ертерек анықтау, болдырмауға болатын мүгедектік пен өлім жағдайларын төмендету, халықтың өмір сапасын жақсартуға және қазақстандық қоғамды орнықты дамытуға мүмкіндік береді.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері

Бағдарламаның мақсаты халықты сауықтыру және орташа өмір сүру ұзақтығын ұлғайту болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

1. Салауатты өмір салтына, денсаулықты нығайтуға, халықтың денсаулық әлеуетін дамытуға және денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу.

2. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың кешенді, үзіліссіз және орнықты жүйесін құру.

Бірінші кезеңде (2008 - 2010 жылдар) жекелеген әлеуметтік маңызы бар аурулар мен қауіп-қатерлер факторларының алдын алудың кешенді тәсілінің міндеттерін шешу мақсатында барлық секторларды белсенді тарту көзделеді. Халықтың жекелеген топтары мен қоғамдастық (балалар, жасөспірімдер, жастар негізгі әлеуметтік маңызы бар аурулардың қауіп-қатерлер факторлары бар адамдар) деңгейінде салауатты орта қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінетін болады. Бастапқы медициналық-санитарлық көмек (бұдан әрі - БМСК) деңгейінде ауруларды емдеуден аурулардың алдын алуға және "салауаттылардың" денсаулығын нығайтуға басымдықтар орын ауыстырады.

Екінші кезеңде (2011 - 2013 жылдар) денсаулық қауіп-қатерлерінің негізгі факторларын жоюға бағытталған ықпалдастық, мультифакторлық тәсілге ерекше көңіл бөлінетін болады. Халық денсаулығын нығайтуда экономикалық ынталандыру тетіктері арқылы медицина қызметкерлерінің қызметін, әсіресе БМСК деңгейінде күшейту көзделеді. Ұлттық және жергілікті деңгейлерде денсаулықтың көрсеткіштеріне әсер ететін әлеуметтік мәселелерді шешу әлеуметтік экономиканың басқа секторларының аса белсенді қолдауын табады.

Үшінші кезеңде (2014 - 2016 жылдар) аурулардың бастапқы себептеріне шоғырланатын денсаулық әлеуетін дамыту саласында бүкіл қоғамның күш-жігерін ықпалдастыруға қол жеткізіледі. Денсаулықты қорғаудың ұлттық саясаты және денсаулық сақтау секторы қызметінің бағыты "салауаттылардың" денсаулығына, халықтың өзі белсенді қатысқан кезде жеке тұлға денсаулығының әлеуетін дамытуға бағдарланады.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетіктері

Бағдарламаны іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Халықтың салауатты өмір сүру салты мен аурулардың алдын алудың мынадай дағдыларын қалыптастыру:

1) қауіп-қатердің мінез-құлықтық факторлары: темекі шегу, ішімдікке салыну, есірткі тұтыну, сапасыз және тиімсіз тамақтану, дене шынықтыру белсенділігінің төмендігі;

2) әлеуметтік елеулі аурулар мен жарақаттану;

3) ұрпақты болу денсаулығын сақтау.

2. Сектораралық өзара іс-қимылды күшейту және бүкіл қазақстандық қоғамдастықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту:

1) бастапқы медициналық-санитарлық көмек шеңберінде салауатты өмір салтын қалыптастыруды күшейту;

2) салауатты өмір салтын қалыптастыруда білімнің рөлін күшейту;

3) салауатты өмір салтын насихаттауда БАҚ-тың рөлін арттыру;

4) салауатты өмір салты мен адамды қоршаған ортаның байланысын күшейту ;

5) салауатты өмір салтын қалыптастыруға үкіметтік емес ұйымдар мен бизнес-қоғамдастықтың қатысуы;

6) салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін құқықтық ортаны қамтамасыз ету ;

7) салауатты өмір салтын қалыптастыруды ғылыми қамтамасыз ету;

8) салауатты өмір салтын қалыптастыру жүйесін ресурстық және институционалдық қамтамасыз етуді күшейту.

5.1. Халықтың салауатты өмір сүру салты мен аурудың алдын алу дағдыларын қалыптастыру

Ескерту. 5.1-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2305 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Салауатты өмір салтына, денсаулықты нығайтуға, халықтың денсаулық әлеуетін дамытуға және денсаулықты сақтауды қалыптастыруға жәрдемдесу халықтың салауатты өмір сүру салты мен аурулардың алдын алу дағдыларын қалыптастыру мынадай жолмен жүзеге асырылады:

1) **қауіп-қатердің мінез-құлықтық факторлары:** темекі шегу, ішімдікке салыну, есірткі тұтыну, сапасыз және тиімсіз тамақтану, дене тәрбиесі белсенділігінің төмендігі сияқты қауіп-қатердің мінез-құлықтық факторларының денсаулық үшін салдары туралы халыққа хабарлауды арттыру арқылы дәйектемелер әзірлеу және салауатты өмір сүру салты үшін жағдай жасау арқылы қалыптастыру.

Ақпараттық насихат, қауіп-қатердің мінез-құлықтық факторларының алдын алу жөніндегі ақпараттық-білім материалдарын әзірлеу және халықтың арасында тарату электрондық және баспа БАҚ арқылы жүзеге асырылады.

Халықтың әсіресе балалардың, жасөспірімдердің, жастардың арасында қауіп-қатердің мінез-құлықтық факторларының зияны мен салдарлары туралы ақпараттандыру мен алдын алу жұмысына БМСК медицина қызметкерлері мен педагогтар кеңінен тартылатын болады.

Орта және жоғары оқу орындары жүйесінде білім беретін кешендерді әзірлеу мен енгізу арқылы балалардың, жасөспірімдер мен жастардың арасында темекі шегу, маскүнемдік, есірткіні тұтынудың зияны мен салдарлары туралы ақпараттандыру деңгейі арттырылады.

Волонтерлер қозғалысының одан әрі даму мүмкіндігін алады.

Жергілікті деңгейде елдің жекелеген өңірлерінің қолда бар тәжірибесі негізінде мақсатты, кең ауқымды акциялар мен онкүндіктерді, қауіп-қатердің мінез-құлықтық факторларының алдын алуға бағытталған Дүниежүзілік күндерді әзірлеу мен енгізу арқылы қоғамды жұмылдыруға баса көңіл бөлінеді.

Темекі және алкоголь өнімдерін тұтынуға халықтың тікелей немесе жанама қатысына ықпал ететін ақпараттың әсерін барынша тиімді төмендету жолдары қ а р а с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Қоғамдағы салауатты өмір салтын ұстанудың әлеуметтік қолайлы беделін насихаттауға және құруға елдің көшбасшылары мен әйгілі адамдар (саясаткерлер, мәдени қайраткерлер, спортшылар) тартылатын болады.

"Ықпал етуші топтар" арқылы темекі шегуді төмендетуге ықпал ету: денсаулық сақтау, білім беру саласының және мемлекеттік қызметкерлерін

көтермелеу жүйесін қалыптастыру және ынталандыру арқылы темекі шегуден
б а с т а р т қ ы з у .

Азаматтардың таза ауаға, қауіпсіз қоршаған ортаға, темекі түтінінен және алкоголь өнімдерін тұтынудан еркін аумақтардың шекарасын кеңейтуге бағытталған шараларды әзірлеу арқылы ақпарат алуға, сондай-ақ темекінің, алкогольдің және есірткілердің адам денсаулығына жағымсыз әсері туралы толық және нақты ақпаратқа еркін қолжетімділігіне құқықтарын қамтамасыз ету жұмыстар жалғасатын болады.

Темекі шегуді, ішімдікке салынуды, есірткіні тұтынуды тастағысы келетін тәуелді адамдарға психологиялық көмек көрсету үшін дағдарыстық орталықтар жүйесін кеңейту, медициналық-психологиялық көмек жүйесін жетілдіру және сенім телефондарының жұмысы бойынша шаралар қабылданатын болады. Жастар денсаулық орталықтары желілерін құру және дамыту балаларға, жасөспірімдер мен жастарға жеке және әлеуметтік проблемаларды еңсеруде кешенді медициналық-психикалық әлеуметтік көмек беруге мүмкіндік береді.

Интерактивтік технологияларды және "теңге тең" қағидасын пайдалана отырып, оларға өмірлік жауапты мінез-құлық дағдыларын, сыртқы қысымға қарсы әрекет етуді үйрете отырып, балалардың, жасөспірімдер мен жастардың өз денсаулығына деген жауапкершілігін қалыптастыру жөніндегі жұмыс күшейтілетін болады.

Жергілікті деңгейде ұлттық ашытылған сүт сусындарын өндіру және оны сату жөніндегі шағын бизнесті дамытуды басымдықпен қолдау шаралары әзірленетін болады.

Халықаралық ұсынымдарды ескере отырып, тамақ өнімдерін сертификаттау мәселелеріне қатысты іс-шаралар өткізілетін болады.

Нормалардың сақталуын бақылай отырып, тамақ өнімдерін, оның ішінде емшектегі балалар мен нәрестелерге арнайы тағайындалған тамақ өнімдерін витаминдік-минералдық кешендермен байытуға баса назар аударылатын болады.

Ұнды темірмен ратификациялау және тұзды йодтау деңгейін 100%-ға жеткізуді қамтамасыз ету бойынша қажетті жәрдем көрсетілетін болады.

ДДҰ ұсынымдарына сәйкес тек емшек сүтімен кем дегенде алты айға дейін қоректендіру практикасын таратуға ықпал ету және дұрыс қосымша қоректендіруді енгізу технологиясын қатар жетілдіру жөніндегі шаралар жалғасады.

Сапалы тамақтану мәдениеті мәселесінде педагогтардың, медицина қызметкерлерінің хабардар болушылығы мен білімділігінің деңгейі арттырылады.

Тамақ өнімдерін өндіруде, қайта өңдеу және сақтауда гигиеналық норма мен

қауіпсіздік ережесін бақылау және сақтау жолымен тамақтану сапасы жақсартылды.

Халықты қауіпсіз ауыз суымен қамтамасыз етуге көмек көрсету елдің бірқатар өңірінде бар белгілі ауру түрлерімен байланысты мәселелерді төмендетумен қатар, елдің экологиялық қауіпсіздігіне де өз үлесін қосады.

Халыққа арзан бағамен маусымға сәйкес жергілікті өндірістің тамақ өнімдерін, жемісі мен көкөнісін тасымалдау мүмкіндігін қалыптастыру үшін ұсыныстар әзірленетін болады.

Мектеп алдыңғы, бастауыш сынып оқушыларын одан кейін жоғары сынып оқушыларын ыстық тамақпен біртіндеп қамтуға бағытталған ұйымдастырушылық және түсіндіру іс-шаралары жалғасатын болады. Жергілікті өндірушілердің мектептерге сапалы тамақ жеткізіп отыру, мектеп асханаларын тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету түрлерін жетілдіру жөніндегі шаралары жалғасатын болады.

Экономикалық шаралар арқылы тамақтың сапасын жақсарту, мектеп асханалары үшін салық ауыртпалығын жеңілдету жөніндегі ұсыныстар жетілдірілетін болады.

Балалар мен жастарды қолжетімді балалар, аула клубтарының, үйірмелердің, секциялардың дамушы желісіне тарту жөнінде насихат жүргізілетін болады.

Халықтың арасында дене тәрбиесі белсенділігінің арттыруына велосипед қозғалысының дамуы елеулі түрткі бола алады, бұл үшін қажетті жағдайлар туғызуға жәрдем көрсетілетін болады. Дәстүрлі спорттық іс-шараларды өткізу, халықтың барлық жігін тарта отырып, республика аумағында спорттың ұлттық түрлері мен ұлттық ойындарын дамыту, әлеуметтік жарнама арқылы қимыл белсенділігін ынталандыру дене тәрбиесі белсенділігін дамыту бойынша жағдай жасау барысында мақсатты іс-қимылдың объектісі болып табылады.

Жұмыс істейтін халықты сауықтыру және дене шынықтыру тәрбиесімен шұғылдану үшін жағдай жасау жөніндегі шаралары әзірленетін болады.

2) әлеуметтік елеулі аурулар мен жарақаттануды жүрек-қан тамыры ауруларына, онкологиялық патологияға, респираторлық ауруларға, туберкулезге, ЖЖБЖ, АҚТҚ/ЖҚТБ-ға, басқа да жұқпалы ауруларға, жарақаттануға қатысты алдын алу қызметін арттыру, халықтың өз денсаулығына деген жауапкершілігін және салааралық өзара іс-қимылды күшейту арқылы қалыптастыру.

Әлеуметтік елеулі аурулар мен жарақаттану көрсеткіштерінің жоғары деңгейінің жоғарыда аталған себептерін жою мақсатында әлеуметтік елеулі аурулар мен жарақаттанудың алдын алу, олардың туындауының бастапқы белгілері мен салдары туралы халықтың хабардар болу деңгейін арттыруға бағытталған шаралар кешені өткізілетін болады.

Бүкіл қоғамның назарын осы проблемаға аудару үшін онкүндіктер мен акция

өткізу; ақпараттық-білім материалдарын жетілдіру және үлестіру, әлеуметтік елеулі аурулар мен жарақаттанудың проблемаларын жариялау үшін БАҚ-ты кеңінен тарту, халықтың барлық деңгейін аурудың бастапқы белгілері мен салдарына, сондай-ақ өмір сүру қауіпсіздігі мен жарақат алған жағдайда өзіне-өзі және өзара көмек көрсету негіздері туралы ақпараттандыру және оқыту ж а л ғ а с а т ы н б о л а д ы .

Халықтың осал тобын қауіпсіз мінез-құлық, ЖЖБЖ, АҚТҚ/ЖҚТБ алдын алу мәселелері бойынша өмір дағдыларына әдеттендіру мен оқытудың қазіргі заманғы технологияларын пайдалану (волонтерлер қозғалысы, "теңге тең" қағидасы бойынша оқыту, жастар интернет-ресурстары, жастарға арналған ақпараттық-білім орталықтары және т.б.) негізінде ақпараттандыру мен оқытуға бағытталған бағдарламаны әзірлеу мен енгізуге маңызды рөл беріліп отыр.

Халыққа ақпарат беруді арттыру, сондай-ақ жұқпалы аурулардың тән емес және өзіне тән алдын алуларын жүргізу туралы аспектілерді қамтитын болады.

Әлеуметтік елеулі ауруларды ерте диагностикалауды БМСК мамандары халықпен алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалана отырып, жұмыс жүргізетін болады. Жоғары артериялық қысымға, қандағы холестерин мен қанттың деңгейіне скрининг (таңдамалы зерттеулер), сондай-ақ халықты белсенді тарту үшін оларды ақпараттық сүйемелдеу жүргізу арқылы өткізу жолымен ерте диагностикалауға тәсілдер жетілдірілетін болады.

Әлеуметтік елеулі аурулардан зардап шегетін сырқаттарды ерте анықтау, емдеу және оңалту жөніндегі жаңа қазіргі заманғы технологиялар, сондай-ақ жұқпалы аурулармен ауырған жағдайда байланыста болған адамдар үшін алдын алу ш а р а л а р ы д а м и т ы н б о л а д ы .

БМСК жанынан қауіп-қатердің мінез-құлықтық факторлары бар және СЖА мен зардап шегетін пациенттерді оқыту бойынша мектеп және денсаулық клубтарының желісін құру және дамыту үшін БМСК мамандарына жәрдем к ө р с е т і л е т і н б о л а д ы .

Жұқпалы аурудың таралу деңгейін төмендету үшін басқа секторларды, үкіметтік емес ұйымдарды белсенді тарта отырып, әртүрлі деңгейдегі медицина қызметкерлерінің туберкулезді, АҚТҚ/ЖҚТБ және ЖЖБЖ-ны жұқтыруға жол бермеу жөніндегі қызметіндегі алдын алу бағыттары күшейтілетін болады.

Халықтың осал топтарының алдын алу бағдарламаларына, сондай-ақ ЖЖБЖ тексеру мен емдеу жөніндегі медициналық-әлеуметтік қызметтерге, психологиялық қолдауға, АҚТҚ-ға тестілеуге, жеке қорғау құралдарына қол жеткізушілігін арттыру жөнінде жәрдем көрсетілетін болады.

Жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша мақсатты іс-шаралар енгізіліп, мониторинг ө т к і з і л е т і н б о л а д ы .

Денсаулық үшін жеке және қоғамдық гигиена ережелерін сақтамаудың,

уактылы вакцинациядан бас тартудың салдары туралы халықтың хабардар болуы
арттырылатын болады.

Медицина қызметкерлері үшін халықтың әртүрлі топтарында жұқпалы
ауруларының алдын алу, тамақтан улануды болдырмау жөніндегі бағдарламалар
жетілдірілетін болады.

Жарақаттанудың алдын алу үшін, сондай-ақ жұмыс орындарында қауіпсіз
еңбек жағдайын жасауға, өндірістің барынша қауіпсіз технологияларын және
қозғалыс тәсілдерін пайдалануға, халық арасында жарақаттануға әкеліп соғатын
тұрмыстық, өндірістік, жол-көлік факторларының әсерін қысқартуға бағытталған
салааралық іс-қимылдар қабылданатын болады.

3) **ұрпақты болу денсаулығын сақтауды** қалыптастыру БМСК деңгейде ана
мен ұрпақ патологиясының антенаталдық және перинаталдық профилактикасын
ықпалдастыру мен үйлестіруді нығайту, әйелдердің бұл топтарын халықаралық
стандарттарға сәйкес диспансерлік бақылау арқылы ертерек қамту, БМСК
мамандарын, мемлекеттік, халықаралық және үкіметтік емес құрылымдарды
тарта отырып, кең ауқымды науқандар өткізу арқылы қалыптастыру.

Отбасын жоспарлау және салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі
қызметті жетілдіру арқылы жасөспірім кезеңнен бастап, темекі шегудің, алкоголь
мен есірткілерді тұтынудың алдын алуды, бұқаралық ақпарат құралдарын
белсенді тарта отырып, дене шынықтыру белсенділігін арттыруды, "Бүгінгі таңда
жасөспірімдердің ұрпақты болу денсаулығын сақтаймыз" деген ақпараттық
науқанды өткізуді қамти отырып, қаламаған жүктіліктің алдын алуға жәрдем
көрсетілетін болады.

Халықты балалардың тұқым қуалаушылық және туа пайда болған
ауруларының алдын алу, ұрпақты болу денсаулығын сақтау бойынша хабардар
ету арттырылып және халықтың әсіресе, жүкті әйелдер мен бала туу жасындағы
әйелдердің ұрпақты болу денсаулығын сақтау бойынша қоғамды жұмылдыруға
жәрдем көрсетілетін болады.

Әйелдер мен ерлердің ұрпақты болу денсаулығын сақтау мен нығайту
мәселелері бойынша білім беру ұйымдарында оқыту білім беру кешендерін
енгізу жөніндегі жұмыс жандандырылатын болады.

5.2. Сектораралық өзара іс-қимылды күшейту және барлық қазақстандық қоғамдастықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту

Ұйымдастырушылық, институционалдық инфрақұрылымның дамыған желісі
мен СӨСҚ процесін басқару жүйесі болған кезде салауатты өмір салтын
қалыптастырудың кешенді, үздіксіз және орнықты жүйесін құру мүмкін болады.

СӨСҚ-дың кешенді стратегиясын іске асыруды институционалдық

қамтамасыз етуге барлық министрліктер мен ведомстволар, жергілікті атқарушы билік органдары, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ халық т а р т ы л а т ы н б о л а д ы .

Сектораралық өзара іс-қимылды күшейту және СӨСҚ-ға бүкіл қазақстандық қоғамдастығын тартуға мыналар арқылы қол жеткізіледі:

1) бастапқы медициналық-санитарлық көмек шеңберінде салауатты өмір салтын қалыптастыруды күшейту. Алдын алу қызметінің стандарттарын енгізу, аурулардың скринингі бағдарламасы және оларды енгізу сапасының мониторингі арқылы алдын алу жұмыстарын күшейту, БМСК-нің медициналық қызметкерлеріне жәрдемдесу және ынталандыру жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтаудың ішкі және сыртқы секторында салауатты өмір салтының әртүрлі аспектілерін ықпалдастыруда БМСК-ның рөлі күшейетін б о л а д ы .

БМСК мамандары халықты сауықтыру жөніндегі іс-шараларды - кең ауқымды науқандарды, онкүндіктерді, айлықтарды, денсаулық фестивалдерін, спартакиадаларды, конкурстарды өткізуге белсенді тартылатын болады.

БМСК деңгейінде жастар денсаулық орталықтарын құру кешенді тәсіл мен ведомствоаралық өзара іс-қимыл негізінде алдын алу мен СӨСҚ-ға екпін түсіре отырып, кешенді медициналық-әлеуметтік қызметтерді енгізуге мүмкіндік береді .

БМСК-ның халықты салауатты өмір сүру салтына және денсаулықты нығайтуға тарту жөніндегі қызметін ынталандыру бойынша шаралар одан әрі дамитын болады. Халықтың алдын алуға араласуының басымдықтарын айқындауға, жоспарлауға, іске асыруға, мониторингіне және бағалауға белсенді қатысуы жергілікті қоғамдастық деңгейінде денсаулықты қалыптастыруға м ү м к і н д і к б е р е д і .

Жарақат алған және уланған жағдайларда парамедиктер мен халықты дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге үйрету жөніндегі іс-шаралар өткізілетін б о л а д ы .

2) өскелең ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастыруда білім беру рөлін күшейту .

Оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің, оқушылардың өздерінің арасында, сондай-ақ мектептің, үй мен қоғамның арасында қолайлы ахуал орнатылатын б о л а д ы .

Білім беру жүйесінде денсаулықты нығайтуға және аурудың алдын алуға медициналық-гигиеналық, әлеуметтік-психологиялық тәсілдерді дамыту мен жетілдіру, денсаулыққа қатысты дұрыс шешім қабылдау және қоршаған ортаны сақтау үшін қажетті дағдыларға үйрету оқушылардың өз денсаулығына деген жауапкершілік сезімін қалыптастырып, оқушылардың барынша көп физикалық,

психикалық және әлеуметтік әлеуетін іске асыру үшін мүмкіндік тудырады.

Жұмыс және оқу кезінде үй-жайларды, ойын алаңдарын тиісінше жоспарлау, тиісті жабдықтармен жарактандыру, тиісті қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз ету және дұрыс тамақтануды ұйымдастыру туралы ұйымдастырушылық және түсіндіру іс-шараларын өткізу арқылы денсаулыққа қолайлы қоршаған орта құру, бұл СӨСҚ-ға және оқушылар мен мектеп қызметкерлері үшін СӨС сүруге арналған тұтасымен бірқатар практикалық мүмкіндіктер құруға ықпал етеді.

Физикалық ортаны сақтауға, оқушының және бүкіл қауымдастықтың денсаулығын нығайтуға, салауатты өмір салтына, мектеп медицинасының қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеу және жетілдіру, оның қызметінің мониторингі жүйесін құру және бағалау жолымен валеологиялық сауаттылыққа уәждемені қалыптастыруға бағытталған мектеп медицинасы қызметінің тұтас жүйесін құру және дамыту шаралары қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

"Валеология" мен "Денсаулық және өмірлік дағдылар" бағдарламалары біріктірілетін болады, темекі шегу, маскүнемдік, нашакорлық, ұрпақты болу денсаулығы, ЖЖБЖ, АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу жөніндегі оқу-әдістемелік кешендері әзірленіп, таратылатын және енгізілетін болады.

Оқушылардың және жасөспірімдердің денсаулығын сақтау және нығайту мәселелері бойынша, сондай-ақ "Денсаулық сақтауды нығайтуға ықпал ететін мектептер", "Салауатты университеттер" деген ДДҰ жобаларының желісін дамыту бойынша орташа медицина қызметкерлері - дәрігерлердің, орта медицина қызметкерлерінің, мектеп медицинасы (мектеп медициналық және жасөспірімдерге арналған кабинеттердің) мамандарының біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жалғасатын болады.

3) медициналық бағдарламалардың мазмұнды бөлігін (проблеманың өзектілігін ескере отырып, медициналық бағдарламалардың тақырыптарын айқындау, медицина өкілдерімен бірлесіп, бағдарламалар мен мақалалар әзірлеу, сондай-ақ денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, көрнекті білім қайраткерлерінің бағдарламаларына қатыстыру) күшейту үшін медицина қызметкерлерінің және журналистердің топтасуын күшейту, медициналық теле- және радио бағдарламаларын шығаруға мемлекеттік тапсырысты ұлғайту арқылы **салауатты өмір салтын насихаттауда БАҚ-тың рөлін арттыру**. Медициналық бағдарламаларды барынша қолайлы уақытта (жұмыс күндері кешкі уақытта, сенбі және жексенбі күндері таңертеңгі уақытта) көрсету жүзеге асырылатын б о л а д ы .

БАҚ-пен істелетін жұмыстың сапасын күшейту мен арттыру үшін БАҚ-та салауатты өмір салтының түрлі аспектілерін жариялау сапасын арттыру жөніндегі іс-шаралар жалғасатын болады;

4) **салауатты өмір салты мен адамды қоршаған ортаның байланысын күшейту** экологиялық стандарттарды және нормативтерді, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманы сақтау үшін бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы қ а л ы п т а с т ы р у .

Жұмыс орындарында түсіндіру жұмыстары арқылы халық денсаулығына әсер ететін экологиялық қатерлердің алдын алу және оларды азайту бойынша іс-шараларды өткізу әркімнің экологиялық қауіпсіздікке жауаптылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Экологиялық туризмді дамыту, оның дамуына инвестициялар бөлетін кәсіпорындарды ынталандыру тетіктерін әзірлеу жөніндегі ұсыныстар әзірленетін болады.

Нәтижелілік индикаторының мониторингі бар "Салауатты қалалар", "Салауатты жұмыс орындары", "Салауатты ауылдар", "Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін ауруханалар" деген ДДҰ жобаларын дамыту бойынша іс-шаралар жалғасатын болады.

5) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты ұсына отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруда қоғамдық қозғалыстар мен мемлекеттік емес ұйымдардың дамуына белсенді тарту мен ынталандыру және корпоративтік әлеуметтік жауаптылығын арттыру үшін бизнес-қауымдастықтардың қаражатын тарту арқылы **салауатты өмір салтын қалыптастыруға үкіметтік емес ұйымдар мен бизнес-қауымдастықтардың қатысуы.**

Жұмыс берушілердің СӨСҚ көмек көрсету жағдайларын жасау және салауатты өмір салтын ұстанатын қызметкерлерді ынталандыру жөніндегі шаралар әзірленетін және енгізілетін болады.

б) халықтың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, оларға сараптама жүргізуге бағытталған нормативтік құқықтық актілер мен ұсыныстарды әзірлеу арқылы **салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін құқықтық ортаны қамтамасыз е т у .**

Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі қазіргі заманғы саясат тұрғысынан қолданыстағы заңнаманың мониторингі жүзеге асырылып әрі өмір салтымен және адам құқықтарымен байланысты халықтың денсаулығын сақтау саласындағы қолданыстағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі, сондай-ақ волонтерлік қозғалысы мәселесі бойынша ұсыныстар әзірленетін болады;

7) Қазақстан Республикасында салауатты өмір салтын қалыптастыру жүйесін дамытудың теориялық негіздері мен ұйымдастыру қағидаттарын әзірлеу арқылы **салауатты өмір салтын қалыптастыруды ғылыми сүйемелдеу.**

Ғылыми-техникалық бағдарламаларды өткізу халық денсаулығының детерминантын зерттеуге және қазіргі жағдайда аурулардың пайда болу мен

дамуының қауіп-қатер факторларына бағалау жүргізуге, жеке және популяциялық деңгейлерде салауатты өмір салтын қалыптастырудың инновациялық технологияларын әзірлеу және енгізуге, сондай-ақ салауатты өмір салты мамандарының еңбегін нормалауды ғылыми негіздеуге, БМСК ұйымдарын ресурстық және материалдық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

СӨСҚ процестерінің мониторингі, БМСК, білім және басқа секторлар жүйесіндегі алдын алу бағдарламалары мен алдын алу араласуларының тиімділігін бағалау жалғасуда.

8) салауатты өмір салтын қалыптастыру жүйесін ресурстық және институционалдық қамтамасыз етуді күшейту.

Ішімдікке, темекі шегуге қарсы заңнамаларды сақтау, жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша мектептегі тамақтануды мәселелері облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің жанындағы Азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі үйлестіру кеңестерінде талқыланып отыр.

СӨСҚ саласында қызметін жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының ұйымдастырушылық-құқықтық түрлері шаруашылықты жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар түрінде өзгертін болады, бұл басқарушылық шешімдерін қабылдауда дербестігін күшейтуге, бәсекелік ортаны дамытуға ықпал етуге және тұтастай барынша сапалы, жетілдірілген және талап етілетін қызметтерді ұсынуды ынталандыруға мүмкіндік береді.

Аудандық СӨСҚ орталықтарын кезең-кезеңмен құру СӨСҚ бойынша іс-шараларды кеңейтуге және аудандық (ауылдық) деңгейдегі халықты онымен тиімді қамтуға мүмкіндік береді.

СӨСҚ саласында қызметін жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту, осы ұйымдарды жабдықтаудың бекітілген ең аз нормативтеріне сәйкес СӨСҚ орталықтарын жабдықтауға мүмкіндік береді.

Өңірлерде әртүрлі нысаналы топтардың арасында СӨСҚ бойынша өткізілетін іс-шаралардың тиімділігінің мониторингі және оны бағалау үшін әлеуметтік зерттеулер жүргізілетін болады, бұл кейіннен СӨСҚ қызметінің жұмысы мен өткізілетін іс-шараларды жетілдіру үшін басқарушылық шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді.

6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыруға 2008 - 2010 жылдарда республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражаттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қаражат жіберілетін болады.

2008 - 2010 жылдарға арналған Бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттен бөлінетін шығындар 4628852,1 мың теңгені, оның ішінде республикалық бюджеттен 2438130,1 мың теңгені, жергілікті бюджеттен 190722,0 мың теңгені құрайды.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржылық жылдарға арналған жергілікті және республикалық бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланады.

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.02.18. N 186 Қаулысымен.

7. Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру барысында кезең-кезеңмен мынадай нәтижелерге қол жеткізіледі:

2010 жылы:

- 1) өмір сүру ұзақтығының орташа деңгейінің 68,1 жасқа дейін артуы;
- 2) халық арасындағы темекі шегудің таралуын 19,3%-ға дейін қысқарту;
- 3) алкогольді қауіпті мөлшерлерде қолданудың таралуын 14,6%-ға дейін қысқарту;

- 4) көкөністер мен жемістерді қолданудың таралуын 14,8%-ға дейін өсіру;
- 5) дене шынықтырумен айналысуды 16,1%-ға дейін өсіру;
- 6) дененің артық салмағының таралуын 34,4%-ға дейін төмендету;
